

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кәсіптік білім беретін әскери білім беру мекемелерін қайта атау туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 шілдедегі N 698 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кәсіптік білім беретін әскери білім беру мекемелерін қайта атау туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кәсіптік білім беретін әскери білім беру мекемелерін қайта атау туралы**

Әскери білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

**1 .                      М ы н а л а р :**

1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы" мемлекеттік мекемесі "Ұлттық қорғаныс университеті" мемлекеттік мекемесі болып;

2) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Алматы жоғары әскери училищесі" мемлекеттік мекемесі "Құрлық әскерлерінің әскери институты" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) жоғарыда көрсетілген мемлекеттік мекемелердің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы"

2002 жылғы 27 ақпандағы N 815 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:  
2-тармағының екінші абзацындағы "және орта әскери-арнаулы" деген сөздер  
а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ